

"Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 20 ақпандағы № 515 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 26 тамыздағы № 630 Жарлығы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Жарлықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз.

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 20 ақпандағы № 515 Жарлығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі туралы ережеде:

15-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты жинауды, өңдеуді, талдауды және пайдалануды жүзеге асыру;"

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"18) Заңның 3-бабы 1-тармағының 7) (адвокаттарды қоспағанда), 13), 15) және 16) тармақшаларында көрсетілген қаржы мониторингі субъектілерінің, сондай-ақ бухгалтерлік есепке алу саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бухгалтерлік ұйымдардың және кәсіби бухгалтерлердің Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын мемлекеттік бақылауды Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жоспардан тыс тексеру, бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асыру;"

мынадай мазмұндағы 35-1) және 35-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"35-1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Агенттіктің карамағындағы ұйымдар акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыру;

35-2) қамтамасыз етілген цифрлық активтердің аударылуын жүзеге асыру қағидаларын бекіту;"

Агенттіктің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

"Халықаралық экономика және қаржы академиясы" деген сөздер "AML ACADEMY" қаржылық мониторинг академиясы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы Жарлық 2024 жылғы 5 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін осы Жарлықтың 1-тармағының бесінші және оныншы абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті

Қ. Тоқаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК